



2020 жылғы «10» сәуір

«20» сәуір 2020 года

Аудиторлық есеп

Т. Рысқұлов ауылы

№2 дана

I. Кіріспе бөлік

1.1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы: «Түлкібас ауданы әкімдігінің «Майлықент ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме), мекен жайы: Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Майлықент а/о, Т. Рысқұлов ауылы, М.Абиров көшесі, №11 үй.

Түркістан облысының Әділет департаментінің Сайрам ауданаралық әділет басқармасында 2012 жылдың 18 мамырында заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы берілген. Бизнес сәйкестендіру нөмірі 990440000335.

Түлкібас ауданының қазынашылық басқармасында ашылған есеп айырысу шоты БСК ККМFKZ2A, ЖСК KZ62070106KSN5815130, бюджеттік коды 1243502.


1.2. Аудиторлық іс-шараның атауы: «Түлкібас ауданы бойынша түсімдердің аудандық бюджетке толық, уақытылы түсуін және аудандық бюджет қаржыларының жұмсалыуына, Түлкібас ауданының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасының іске асырылуына аудит жүргізу».

1.3. Мемлекеттік аудит объектісіндегі мемлекеттік аудиттің мақсаты:

- 1) Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджетті жоспарлаудың және атқару тиімділігі;
- 2) Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігі.

1.4. Мемлекеттік аудиттің мәні: 124 «Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты» бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің 001 «Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер», 004 «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру», 005 «Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру», 008 «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру», 009 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету», 011 «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру», 022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары», 041 «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға» бюджеттік бағдарламаларға бөлінген қаржыларға аудит жүргізу.

Көшірме жасауға тыйым салынады. Снятие копий запрещается.



Бюджет бағдарламаның нөмірі	Бюджеттік бағдарламаның	Аудитпен қамтылатын қаржы			
		2018 жыл (шілде-желтоқсан)	2019 жыл	2020 жылдың 1 тоқсаны	Барлығы
	Жиыны	85 721,4	229 901,0	38 533,0	354 155,4
001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	23 445,0	55 212,0	13 161,0	91 818,0
001011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	0,0	5 466,0	0,0	5 466,0
001015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	23 445,0	49 746,0	13 161,0	86 352,0
004015	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	22 164,0	0,0	0,0	22 164,0
005000	Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру	545,0	1 090,0	363,0	1 998,0
008000	Елді мекендердегі кишелерді жарықтандыру	7 811,0	17 506,0	3 195,0	28 512,0
009000	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	10 503,0	13 396,0	1 303,0	25 202,0
011000	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	30 238,1	55 467,0	0,0	75 725,1
022000	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	995,3	2 441,0	405,0	3 841,3
041000	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру талсырысын іске асыруға	0,0	84 789,0	20 106,0	104 895,0
011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	0,0	8 359,0	0,0	8 359,0
015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	0,0	76 430,0	20 106,0	96 536,0

1.5. Аудиттің типі, тексерудің түрі: тиімділік аудит, сыртқы мемлекеттік аудит.

1.6. Мемлекеттік аудит тобының құрамы (мемлекеттік аудиторлар сертификаттарының нөмірлері көрсетіле отырып): Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит бөлімінің бас инспектор - мемлекеттік аудиторы Алибеков Абай Жанзақович (05.12.2016 жылғы мемлекеттік аудитор біліктілігін иелену туралы №0941 сертификат).

1.7. Мемлекеттік аудит жүргізуге тапсырма: 2020 жылдың 29 маусымдағы №8-154-Т санды аудиторлық іс-шара жүргізуге тапсырмаға Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Алимжан Сихымбай қол қойған.

1.8. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2018 жылдың 1 шілдесінен 2020 жылдың 31 наурызы аралығы.

1.9. Мемлекеттік аудитті жүргізу мерзімі: 2020 жылдың 29 маусымынан 2020 жылдың 10 шілдесі аралығы.

1.10. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары:

Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында, барлық құжаттарға бірінші қол қою құқығымен 2018 жылдың 1 маусымынан 2018 жылдың 1 қазанына дейін округ әкімінің міндетін атқарушы Раимбеков Мукағали Тулеубекович, 2018 жылдың 1 қазанынан 2019 жылдың 26 қарашасына дейін округ

әкімі Мырзабаев Зайырбек Жорабекулы, 2019 жылдың 26 қарашасынан 2020 жылдың 9 қаңтарына дейін округ әкімінің міндетін атқарушы Нурлыбай Асыл Сатпайұлы, 2020 жылдың 9 қаңтарынан бастап бүгінгі күнге дейін округ әкімі болып Мусралиев Алимжан Аскарулы атқаруда.

Сондай-ақ, барлық қаржылық құжаттарға екінші қол қою құқығымен 2014 жылдың 6 ақпанынан бастап 2020 жылдың 1 сәуіріне дейін мекеменің бас маман – бас есепші болып Князбаева Гаухар Арланбековна атқарған.

Мемлекеттік аудит, округ әкімі Мусралиев Алимжан Аскарулының келісімімен және қатысуымен жүргізілді.

1.11. Үстеме тексеру жүргізілген объектілердің тізбесі: Сыртқы мемлекеттік аудитті жүргізу барысында үстеме тексерулер жүргізілмеді.

1.12. Алдыңғы мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер:

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Дулатбеков Оразәлі Әбдірайұлының 2018 жылғы 23 қазандағы №10-241-Т тапсырмасы негізінде, тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит бөлімінің бас маман - мемлекеттік аудиторы Сихымбай Алимжан Игілікұлы тарапынан 2016-2018 жылдар аралығына аудиторлық іс-шара жүргізілген. Аудиторлық есеп 2018 жылдың 9 қашасында түзілген. Аудитпен, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 25-тармағы 2-тармақшсының талаптары сақталмай яғни, қателерді түзету бойынша қосымша бухгалтерлік жазбалар, сондай-ақ «Қызыл сторно» тәсілімен жасалған түзетулер мемориалды ордерлермен рәсімделіп, оларда әдеттегі деректемелерден басқа осы мемориалды ордермен түзетілетін мемориалды ордердің нөміріне және күніне сілтеме жасалмай, 564,8 мың теңге сомасында негізсіз бухгалтерлік жазба жасалғаны анықталған. Осы анықталған кемшіліктер қалпына келтірілген.

Аудит жүргізу аралығында мемлекеттік аудит объектісіне Тексеру тарапынан ұсынылған бақылауда тұрған Нұсқамалар орын алмаған.

II. Негізгі бөлік

Олшем шарт: Мемлекеттік мекеменің қызметінің орындалу тиімділігі

2.1. Көрсеткіш: Бюджеттік бағдарламалардың орындалу тиімділігі (бюджеттік бағдарламалар бойынша игерілу пайызымен бірге бюджеттік бағдарламалардың тікелей нәтижесіне жеткізудің пайыздық ара қатынасы)

Аудиторлық іс-шараның мәселелері

2.1.1. Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту талаптарының заңнамаға сәйкестігі;

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы «Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» № 195 бұйрығының 19 тармағына сәйкес, аудитпен қамтылған кезеңде мекеменің 2018-2020 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламаларына 04.10.2018 жылғы №105 өкіммен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

Мекеменің 2019-2021 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламалары 27.12.2018 жылғы №137 өкімімен бекітіліп, 30.04.2019 жылғы №39, 03.07.2019 жылғы №61, 15.10.2019 жылғы №99 өкімдермен өзгерістер енгізілген.

2020-2022 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламалары 27.12.2019 жылғы №120 өкіммен бекітіліп, 18.03.2020 №30 өкіммен өзгерістер енгізілген.

Бекітілген бюджеттік бағдарламаларда жоспарлы кезең, бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды мен атауы, бюджеттік бағдарламаның коды мен атауы, бюджеттік бағдарламаның басшысы, бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі, бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі), бюджеттік бағдарламаның түрі, бюджеттік бағдарламаның мақсаты, бюджеттік бағдарламаның міндеттері, бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар және жоспарлы кезеңдегі іске асырылу мерзімі, тікелей нәтиже көрсеткіштері, бюджет қаражатының көлемі туралы ақпараттар толық қамтылған.

Бағдарламаның (атауы) мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

2.1.2. *Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерінің нақты орындалған көрсеткіштермен сәйкестігін салыстыру, орындалмаған жағдайда, әрбір көрсеткіштердің орындалмау себептерін анықтау;*

124 «Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты» бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің келесі бюджеттік бағдарламалар туралы:

001 «Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2018 жылдың мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында 23 445,0 теңге қаралып толығымен игерілген. 2019 жылы 55 212,0 мың теңге қаралып (оның ішінде 011 кіші бағдарламасы бойынша 5 466,0 мың теңге және 015 кіші бағдарламасы бойынша 49 746,0 мың теңге), 55 209,0 мың теңгесі жұмсалынған. Республикалық бюджет есебінен өтемақы шығындары бойынша 0,5 мың теңге және жергілікті бюджет есебінен міндетті сақтандыру, іссапар шығындары және байланыс қызметі бойынша 2,5 мың теңге үнемделіп есеп шотта қалған. 2020 жылдың мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында 13 161,0 мың теңге қаралып (оның ішінде 015 кіші бағдарламасы бойынша 13 161,0 мың теңге), 13 078,6 мың теңгесі жұмсалынған. Жергілікті бюджет есебінен іссапар және басқада шығындары бойынша 82,4 мың теңге қалдық ретінде есеп шотта қалған.

Тікелей нәтиже көрсеткіші: Мекеменің мемлекеттік әкімшілік қызметшілері бойынша 16 бірлік және техникалық персоналдарының штаттан тыс қызметкерлері бойынша 13 бірлік ұстау қарастыру сондай-ақ округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету болып табылады.

Орындалуы: Осы бюджеттік бағдарлама аясында мекеменің штат кестесі бойынша 16 мемлекеттік қызметшілер бірлігіне 111-113 ерекшеліктен және штаттан тыс 13 бірлікке 131-135 ерекшеліктен еңбек, қосымша және өтемақы ақы берілген және округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер көрсетілген. Бюджеттік бағдарлама бойынша тікелей нәтижеге қол жеткізілген.

004 «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2018 жылдың мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында 22 164,0 мың теңге қаралып толығымен игерілген.

Тікелей нәтиже көрсеткіші: Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру

Орындалуы: Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орындау бойынша «Балдырған» балабақшасы» мемлекеттік

коммуналдық қазыналық кәсіпорнына қаржы аудару. Бюджеттік бағдарлама бойынша тікелей нәтижеге қол жеткізілген.

005 «Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2018 жылдың мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында 545,0 мың теңге қаралып толығымен игерілген. 2019 жылы 1 090,0 мың теңге қаралып (оның ішінде 015 кіші бағдарламасы бойынша 1 090,0 мың теңге), 1 090,0 мың теңгесі жұмсалынған. 2020 жылдың мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында 363,0 мың теңге қаралып (оның ішінде 015 кіші бағдарламасы бойынша 363,0 мың теңге), 363,0 мың теңгесі жұмсалынған.

Тікелей нәтиже көрсеткіші: Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру болып табылады.

Орындалуы: Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастырылған. Бюджеттік бағдарлама бойынша тікелей нәтижеге қол жеткізілген.

008 «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2018 жылдың мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында 7 811,0 мың теңге қаралып толығымен игерілген. 2019 жылы 17 506,0 мың теңге қаралып (оның ішінде 015 кіші бағдарламасы бойынша 17 506,0 мың теңге), 17 505,8 мың теңгесі жұмсалынған, қалдығы 0,2 мың теңге. 2020 жылдың мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында 3 195,0 мың теңге қаралып (оның ішінде 015 кіші бағдарламасы бойынша 3 195,0 мың теңге), 3 195,0 мың теңгесі жұмсалынған.

Тікелей нәтиже көрсеткіші: Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру.

Орындалуы: Осы бюджеттік бағдарлама аясында 2018 жылдың мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында 7 811,0 мың теңгеге электр жарығы, елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру, Қараағашты ауылы, Төлеби көшесінің бағаналы жарық шамдары орнатылған. Жаяу жүргішілер көпіріне лампалар орнатылған. 2019 жылы 4 144,0 мың теңгеге Қараағашты ауылы, Эль-Фараби көшесіне, Жанкент мөлтек аудандағы 3 көшеге, Биназар Батыр көшесінің төменгі жақ беткейіне, М.Әуезов көшесіне, Пушкин ЖОМ-нің артқы жағындағы жаяу жүргіншілер жолына түнгі бағаналы лед шамдары орнатылған. 5 506,0 мың теңгеге елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру, күтіп ұстау жұмыстары жасалған. 7 856,0 мың теңгеге жалпы электр энергиясының қаржысын төлеу жұмыстары жүргізілген. 2020 жылдың мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында 1 000,0 мың теңгеге елді мекендердегі көшелерді жарықтандыруды күтіп ұстауға және 2195,0 мың теңгеге жалпы электр энергиясының қаржысын төлеу жұмыстары жасалынған. Бюджеттік бағдарлама бойынша тікелей нәтижеге қол жеткізілген.

009 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2018 жылдың мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында 10 503,0 мың теңге қаралып толығымен игерілген. 2019 жылы 13 396,0 мың теңге қаралып толығымен игерілген. 2020 жылдың мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында 1 303,0 мың теңге қаралып (оның ішінде 015 кіші бағдарламасы бойынша 1 303,0 мың теңге), 1303,0 мың теңгесі жұмсалынған.

Тікелей нәтиже көрсеткіші: Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету болып табылады.

Орындалуы: Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету бойынша жұмыстар атқарылған. Бюджеттік бағдарлама бойынша тікелей нәтижеге қол жеткізілген.

011 «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2018 жылдың мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында 20 258,1 мың теңге қаралып толығымен игерілген. 2019 жылы 55 467,0 мың теңге қаралып, төленген міндетемелері 55 465,5 мың теңге, қалдығы 1,5 мың теңге. 2020 жылдың мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында бюджет қаражаты қолданылмаған.

Тікелей нәтиже көрсеткіші: Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Орындалуы: Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстары жасалған. Бюджеттік бағдарлама бойынша тікелей нәтижеге қол жеткізілген.

022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2018 жылдың мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында 995,3 мың теңге қаралып толығымен игерілген. 2019 жылы 2 441,0 мың теңге қаралып толығымен игерілген. 2020 жылдың мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында 405,0 мың теңге қаралып толығымен игерілген.

Тікелей нәтиже көрсеткіші: Осы бюджеттік бағдарлама аясында негізгі құрал-жабдықтар сатып алу көзделген.

Орындалуы: Осы бюджеттік бағдарлама аясында мекеменің қажеттілігіне байланысты негізгі құрал-жабдықтар сатып алынған. Бюджеттік бағдарлама бойынша тікелей нәтижеге қол жеткізілген.

041 «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2019 жылы 84 789,0 мың теңге қаралып (оның ішінде 011 кіші бағдарламасы бойынша 8 359,0 мың теңге және 015 кіші бағдарламасы бойынша 76 430,0 мың теңге), 55 209,0 мың теңгесі жұмсалынған. 2020 жылдың мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында 20 106,0 мың теңге қаралып (оның ішінде 015 кіші бағдарламасы бойынша 20 106,0 мың теңге), 20 106,0 мың теңгесі жұмсалынған.

Тікелей нәтиже көрсеткіші: Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру.

Орындалуы: Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орындау бойынша «Балдырған» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына қаржы аудару (балабақшада 12 топ, 250 балаға мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту жұмыстары жүргізілген). Бюджеттік бағдарлама бойынша тікелей нәтижеге қол жеткізілген.

Бағдарлама мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ (Қаралған құжаттар тізбесі 29-30 беттерде 2 парақта тіркелді).

2.2. Көрсеткіш: мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының сақталуы (мемлекеттік аудит барысында анықталған қаржылық және рәсімдік бұзушылықтардың саны және көлемі)

Аудиторлық іс-шараның мәселелері

2.2.1. Мемлекеттік аудитті жүргізу кезеңі ішінде дебиторлық және кредиторлық берешектің жай-күйі, туындау себептері және оларды өтеу бойынша қабылданған шаралар;

Аудитпен қамтылған кезең аралығында талап ету мерзімі өтіп кеткен, қайтаруға үмітсіз дебиторлық және кредиторлық қарыздар мекемеде орын алмаған.

Бағдарлама мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ (Қаралған құжаттар тізбесі 29-30 беттерде 2 парақта тіркелді).

2.2.2. Бухгалтерлік есепті жүргізудің және бюджеттік бағдарламаларды орындау жөніндегі есептерді жасаудың анықтығы, тиісті органға қаржылық есептілікті жасаудың және ұсынудың заңнамалық актілерге сәйкестігі;

Мекемеде бухгалтерлік есепті жүргізу ІС - бағдарламасымен жүргізілген. Бухгалтерлік есепті жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» №234 Заңы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 7 қыркүйектегі №444 «Есеп саясатын бекіту туралы», 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарын бекіту туралы» және 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрықтары басшылыққа алынған.

Мекеменің қаржылық есептілікті жасауы және ұсынуы бекітілген нысандарға және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы №468 «Қаржы есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген қағидаға сәйкес жүзеге асырылған.

Сонымен қатар, бюджеттік есептілік Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы «Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» №630 бұйрығымен бекітілген қағидаға сәйкес жасалған және уәкілетті органға белгіленген мерзімде тапсырылған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы №468 бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылған және тиісті органдарға «Бухгалтерлік баланс», «Қаржылық қызмет нәтижелері туралы есеп», «Қаржыландыру көздері (тікелей әдіс) бойынша мемлекеттік мекеменің шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есеп», «Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есеп», «Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба» жасалып, мерзімінде ұсынылған.

Тармақ-1. Тапсырыс беруші – Мекеме және Орындаушы – «Шымкент штамп» ЖШС 2018 жылдың 24 қазанында Штамп және печать жасату бойынша жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №87 шарт жасасқан, шарт сомасы 15,0 мың теңге. Орындаушының 2018 жылғы 15 қарашадағы №180094/00/1 санды орындалған жұмыстар актісіне сәйкес 1 дана штамп мекеме тарапынан қабылданып, 2018 жылдың 22 қарашасында №1243502/18-531 санды төлем құжатпен 15,0 мың теңге аударылған.

Алайда, шаруашылық әдіспен жасалған штамп мекеменің есебінде дебет 7140 «Өзге операциялық шығыстар», кредит 3210 «Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек» шотына корреспонденциялары беріліп, 15,0 мың теңге мекеме есебінен негізсіз есептен шығарылғаны анықталды.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 3-тармағы 34) тармақшасының, 196, 198, 200-тармақтарының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарының 4-тарау 1 - «Қысқа мерзімді активтер» бөлімінің шоттарында көрсетілген 1319 «Өзгеде материалдар» шоттарына кіріске алынуы қажет деген талабы сақталмаған.

Мемлекеттік аудит барысында 2020 жылдың шілде айындағы №28 мемориалдық ордерімен Дебет 1319 «Өзгеде материалдар», кредит 5220 «Өткен жылдардың қаржылық нәтижесі» шоттарына 15,0 мың теңгеге түзету корреспонденциясы беріліп, мекеменің есебіне алу арқылы қалпына келтірілді (Дәлелді құжаттардың көшірмелері 31-47 беттерде, 18-парақта қосымша тіркелді). Бағдарлама мәселесі тексерілді, проблемалар анықталған жоқ (Қаралған құжаттар тізбесі 29-30 беттерде 2 парақта тіркелді).

2.2.3. Еңбек ақы төлеуді реттейтін қолданыстағы заңнамаларға сәйкес лауазымдық айлықақыларды, тарифтік ставкаларды, жалақыға үстемеақылар мен қосымша төлемдерді белгілеудің дұрыстығы;

Аудиторлық іс шарамен 2018 жылдың 01 маусымынан 2020 жылдың 31 наурыз аралығындағы штат кестелері, жұмысқа шығу табельдері, 4-20 нысандары қамтылды.

Айлық жалақының мемлекеттік қызметкерлерге төленуі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 16 қазандағы «Мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған барлық органдар үшін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекіту туралы» №646 қаулысының, ал азаматтық қызметшілерге Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұымдардың қызметкеріне, қазыналық кәсіпорындарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» №1193 Қаулысының талаптары басшылыққа алынып есептелінген. Мекеме қызметкерлеріне айлық жалақыларын есептеуге ауыл әкімінің өкіміне сәйкес қызметкерлердің еңбек өтілдерін есептеу жөніндегі құрылған комиссияның тиісті хаттамалары негіз болған. Еңбекақы шығындарын жоспарлауда мекеме басшысының өкіміне сәйкес арнайы комиссия құрылып, еңбек өтілдері мен білімдеріне сәйкес хаттама толтырылған. Мемлекеттік қызметшілердің және келісім шарт негізінде жұмыс істейтін қызметкерлердің лауазымдық жалақылары штаттық кестеге сәйкес есептелініп төленген.

Штат бірліктерін қалыптастыру кезінде ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы «Жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттерін бекітудің кейбір мәселелері туралы» №1324 қаулысымен бекітілген нормативтің талаптары, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы «Мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыскерлер санының бірыңғай салааралық нормативтерін бекіту туралы» №1002 бұйрығымен бекітілген нормативтің талаптары басшылыққа алынған.

Мемлекеттік қызметкерлердің штаттық кестесі 16 бірлік, оның ішінде округ әкімі 1 бірлік, әкім орынбасары 2 бірлік, әкімнің кеңесшісі 1 бірлік және бас маман 12 бірлік. Келісім шарт негізінде жұмыс атқаратын қызметкерлердің штаттық кестесі бойынша 13 бірлік болып бекітілген, оның ішінде көлік жүргізушісі 1 бірлік, қарауыл 2

бірлік, менеджер 1 бірлік, еден жуушы 1 бірлік, хатшы 1 бірлік, хат тасушы 1 бірлік, жұмысшы - от жағушы 1 бірлік, статист 1 бірлік, салық жөніндегі кеңесші 3 бірлік, программист 1 бірлік,

001 «Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджеттік бағдарламасы бойынша 2018 жылдың мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында 111 ерекшелігі бойынша 8 947,0 мың теңге, 112 ерекшелігі бойынша 220,0 мың теңге, 113 ерекшелігі бойынша 1 314,2 мың теңге, 131 ерекшелігі бойынша 3718,0 мың теңге жаратылған. 2019 жылы мемлекеттік қызметкерлерге еңбек ақы 19 829,0 мың теңге (оның ішінде 011 кіші бағдарламасы бойынша 2 413,0 мың теңге және 015 кіші бағдарламасы 17 414,0 мың теңге), өтемақы төлемдері 3 081,5 мың теңге (оның ішінде 011 кіші бағдарламасы бойынша 322,7 мың теңге және 015 кіші бағдарламасы бойынша 2 759,0 мың теңге) және қосымша ақшалай төлемдер 1 395,0 мың теңге, 131 «Техникалық персоналдың еңбегіне ақы төлеу» ерекшелігі бойынша 7 924,0 мың теңге жаратылған. 2020 жылдың мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында мемлекеттік қызметкерлерге еңбек ақы 5 181,0 мың теңге, және қосымша ақшалай төлемдер 62,7 мың теңге, өтемақы төлемдері 1 562,6 мың теңге, 131 «Техникалық персоналдың еңбегіне ақы төлеу» ерекшелігі бойынша 3 394,0 мың теңге жаратылған.

Мекеменің мемлекеттік қызметшілеріне жалақыға үстемеақылар мен қосымша төлемдерді белгілеу кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» №1127 қаулысымен бекітілген ереженің талаптары басшылыққа алынса, мемлекеттік қызметші болып табылмайтын техникалық қызметкерлерге үстемеақылар мен қосымша төлемдерді белгілеу кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2015 жылғы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкеріне, қазыналық кәсіпорындарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» №1193 қаулысының талаптары басшылыққа алынған.

Бағдарлама мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ (Қаралған құжаттар тізбесі 29-30 беттерде 2 парақта тіркелді).

2.2.4. Іс-сапар шығындарына жұмсалған қаражаттардың негізділігі;

Іс-сапар төлемдерін төлеуде, «Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасы шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы» ереженің және ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысымен бекітілген «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу» қағидаларының талаптары басшылыққа алынған.

136 «Техникалық персоналдың ел ішіндегі іссапарлары мен қызметтік жол жүрулері» ерекшелігі бойынша 2018 жылдың мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында 60,0 мың теңге, 2019 жылы 197,0 мың теңге және 2020 жылдың мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында 53,6 мың теңге жұмсалынған.

161 «Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар» ерекшелігі бойынша 2018 жылдың мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында 925,7 мың теңге, 2019 жылы 2 722,3 мың теңге және 2020 жылдың мемлекеттік аудитпен қамтылған

кезең аралығында 176,76 мың теңге жұмсалынған. Бағдарлама мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ (Қаралған құжаттар тізбесі 29-30 беттерде 2 парақта тіркелді).

2.2.5. Нақты бар негізгі құралдар мен қорларға түгендеу жүргізу, бухгалтерлік есепке алу (негізгі құралдарды есептен шығару) дұрыстығы.

124 «Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты» бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің 001 «Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламаның 143 «Заттай мүліктерді, басқа да киім нысанын және арнаулы киім-кешектер сатып алу, тігу және жөндеу» ерекшелік бойынша 2019 жылы 40,0 мың теңге қаралып толығымен игерілген. 144 «Отын, жанар-жағар май материалдарын сатып алу» ерекшелік бойынша 2018 жылдың мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында 441,0 мың теңге қаралып толығымен игерілген. 2019 жылы 536,0 мың теңге қаралып толығымен игерілген. 2020 жылдың мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында төлемдер бойынша жоспары 171,0 мың теңге, төленген міндеттемелері 169,8 мың теңге, қалдығы 1,2 мың теңге. 149 «Өзге де қорларды сатып алу» ерекшелік бойынша 2018 жылдың мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында 1 441,0 мың теңге қаралып толығымен игерілген. 2019 жылы төлемдер бойынша жоспары 1 035,0 мың теңге, төленген міндеттемелері 1 034,7 мың теңге, қалдығы 0,3 мың теңге. 2020 жылдың мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында төлемдер бойынша жоспары 388,0 мың теңге, төленген міндеттемелері 386,8 мың теңге, қалдығы 1,2 мың теңге.

022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2018 жылдың мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында 995,3 мың теңге қаралып толығымен игерілген. 2019 жылы 2 441,0 мың теңге қаралып толығымен игерілген. 2020 жылдың мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында 405,0 мың теңге қаралып толығымен игерілген.

2018-2020 жылдары аралығында сатып алынған заттардың құны жабдықтаушы төлемге ұсынған бастапқы құжаттарына (шот-фактура, жүкқұжаттар) сәйкес келеді. Алынған заттарға артық немесе кем аударылған қаржылар анықталмады.

Мекеме есебіндегі негізгі құралдар мен тауарлық-материалдық құндылықтарға түгендеу жұмысы ҚР Қаржы министрлігінің 22.08.2011 жылғы «Мемлекеттік мекемелерде түгендеу-санаудың ережесін бекіту туралы» №423 бұйрығына сай жүргізілген. Аудит жүргізу аралығында мекеме балансындағы барлық активтер, негізгі құралдар, тауар-материалды құндылықтарды сақтау материалды жауапты тұлғалар бекітілген.

Мемлекеттік мекемемен Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» №393 бұйрығы басшылыққа ала отырып, бухгалтерлік есепті ұйымдастыру тәртібіне сәйкес сатып алынған негізгі құралдар есепке алынған және барлық тозығы жеткен құрал жабдықтар уақытылы есептен шығарылып отырған.

Активтердің, тауарлық-материалдық құндылықтардың бухгалтерлік есептің бастапқы құжаттарына, атап айтқанда шот-фактураларға, тауар құжаттарына, төлемге ұсынылған шоттарға сәйкестігі мен олардың бар-жоғын анықтау мақсатында негізгі құралдар мен тауарлық-материалдық құндылықтарға ауылдық округ әкімінің өкімдеріне сәйкес, жыл сайын мүліктерді түгендеу комиссиясы құрылып, мекеменің



теңгеріміндегі негізгі құралдар мен мүліктерге түгендеу жұмыстары жүргізілген. Түгендеу нәтижелерін бухгалтерлік есеп деректерімен салыстырып, артық немесе кем шыққан негізгі материалдық құндылықтар мен мүліктер анықталмаған. Мемлекеттік аудитпен қамтылған аралықта мекемеге сатып алынған негізгі құралдар мен шаруашылық заттар мерзімінде бухгалтерлік есепке алынған.

Бағдарлама мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ (*Қаралған құжаттар тізбесі 29-30 беттерде 2 парақта тіркелді*).

2.2.6 Мемлекеттік аудит объектісінің негізгі міндеттеріне, функцияларына сәйкес қызметтерді атқаруы;

Мекеме жергілікті мемлекеттік басқару саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Мекеменің негізгі міндеттері әкімнің қызметін ақпараттық-түпдау тұрғысынан, ұйымдық-қықықтық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету. Сонымен қатар, функцияларына азаматтар мен заңды тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңдары, нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындалуына, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауға жәрдемдесу және мекеменің ережесінде көрсетілген басқа да функцияларна сәйкес қызметтерді атқарған. Округ әкімі аппаратында жалпы саны 29 қызметкер жұмыс жасайды, оның: 16 мемлекеттік қызметкер және 13 қызметкер еңбек шарты негізінде жұмыс атқаруда. Аудан орталығында орналасқан Майлықент ауылдық округіне қарасты үш елді – мекенде: Т.Рысқұлов ауылында халық саны 20676, аула 4172, көше 63, Қараағашты ауылында халық саны 2360, аула 334, көше 6, Бақыбек ауылында халық саны 817, аула 102, көше 2, жалпы халық саны 23853, аула 4608, көше 71, округтің жалпы жер көлемі 9084,4 га.

Салықтар мен алымдардың орындалуы: 2018 жылы жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын іске асыруға бағытталған түсімдердің 6 түрі бойынша жыл басында жоспар 70069,0 мың теңге болып бекітілген. Өткен жылдардың қарыздарын өндіру жұмыстарының ауқымды жүргізілуінің нәтижесінде, сәуір айында жылдық жоспар 12650,0 мың теңгеге көбейіп, барлығы 82719,0 мың теңге болып бекітілді. Ал, қыркүйек айындағы бюджетті нақтылау кезінде жылдық жоспар 2060,0 мың теңгеге қайта көбейіп, нәтижесінде жоспар 84779,0 мың теңгеге бекітілген. 2018 жылдың қорытындысымен салықтық түсімдер 93 355,2 мың теңге, яғни 113 %-ға артығымен орындалған.

Бекітілген жоспарды орындауда атқарылған жұмыстар: Салық мамандарының жылдық жұмыс жоспары бекітілген. Түсімдер жоспарына талдау жасап, өткен жылмен салыстыра отырып, 2018 жылға жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын іске асыруға бағытталған түсімдердің 6 түрі бойынша жоспарланған. Салық салу құнын, үй иесін аула аралау жұмыстары мәліметтерімен салыстыра отырып 5054 салық төлеушілерді кірістер басқармасының 14 дана салықты есептеу кітабына толтырылған. Жергілікті өзін-өзі басқару қаржыландыру туралы арнайы есеп шотына қаражат түсіруді қамтамасыз ету үшін әр ай сайын «1с» бағдарламасымен жұмыс жасап, бекітілген жоспар бойынша ай сайынғы түсімдер орындалған. Есептелген, өндірілген салық жиналып, 2018 жылдың маусым айына дейін мүлік салығынан 673,0 мың теңге, жер салығынан 1445,0 мың теңге жиналып, уақтылы өткізілген. Жеке тұлғалардың мүліктері мен жерлері кірістер басқармасының МФУ бағдарламасы арқылы 5054 салық төлеушілері енгізіліп, жеке тұлғалардың салығы есептелген, есептелген салық 1262,0 мың теңге. Мүлік, жер

салықтарының жоспарын орындау үшін және округ аумағында 5054 тұрғын үйге есептелінген салықты 72 көшеге және Жанкент, Нұршуақ м/а реестр түзе отырып жиналуы ұйымдастырылған. Жеке тұлғалардың өткен жылдарға төлемеген көлік құралдарына шығарылған хабарламаларды тарата отырып, округ аумағындағы көлік санын және кәсіпкерлерді анықтап, түгендеу жұмыстары жүргізіліп, 189 жеке кәсібін жүргізіп отырған дүкен, тойхана, шаштараз т.б кіші орта бизнес объектілерінің тізімі кірістер басқармасына өткізілген. Өткен жылға көлік салығын төлемеген жеке тұлғаларға 840 хабарлама таратылған, өндірілген қарыз сомасы 9345,0 мың тенге. Ауданнан тыс жерлерде кәсіпкерлік қызметпен айналысатын 12 кәсіпкерді анықтап, аудандық мемлекеттік кірістер басқармасына салық төлеуші ретінде тіркетілген. Жүк тасымалдайтын және жолаушылар тасымалдайтын көліктері бар 215 жеке тұлғаны кәсіпкерлік қызметпен айналысатыны немесе айналыспайтынын анықтау жұмыстары жүргізіліп, тізімі кірістер басқармасына өткізілген. Округ аумағында бұрын сатылған немесе жарамсыз болған 35 автокөліктің соңғы 5 жылдық салығы төленіп, акт жасалынып, егесінің атынан есептен шығарылған.

Жер қатынастары. Елді мекен жолдарын жарықтандыру үшін Т.Рысқұлов ауылы Алатау көшесінің бойында электр қондырғысын орнату үшін жер учаскесі рәсімделіп, аудандық жер кадастр бөлімшесіне жерге орналастыру жобасын дайындау үшін жолданды, сонымен қатар Абилов, Жантұров, Қонаев және «Телемұнара» шағын ауданында электр қондырғы орнату үшін екі жер учаскесіне мемлекеттік акт түзіліп, Әділет басқармасында тіркеуден өткен. Бақыбек ауылында медициналық бекет құрылысы үшін 0,10 га. жер учаскесі тандалып, мемлекеттік акт түзілді, сонымен қатар мешіт құрылысы үшін 0,27 га. жер учаскесінің сызбасы дайындалды, қазіргі күні рәсімдеу жұмыстары жүргізілуде.

Ветеринария саласы. Ауыл тұрғындарынан келіп түскен 29 ауызша, 8 жазбаша өтініштері дер кезінде орындалып, егелеріне хабарламасы таратылды. Облыс және аудан әкімшілігінен келіп түскен хаттарға дер кезінде жауап жазылып орындалған. Округке қарасты елді мекендердегі тұрғындардың жеке меншігіндегі шаруашылық малдарына санақ жүргізіліп, оның қорытындысы бойынша мәліметтерді аудандық ветеринарлық бөлімінің электронды дерек қорына 4210 бас ірі қара, 6154 бас қой, ешкі, 1817 бас жылқы, 398 бас шошқа, 13108 бас құстар, 243 бал ара ұясы шаруашылық кітапқа енгізілген.

Әлеуметтік сала. 2018 жыл бойынша округте табыс көзі күн көріс деңгейінен төмен 177 отбасы 867 азаматқа жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек 36 280,3 мың теңгеге тағайындалған. Оның ішінде шартты ақшалай көмекке 49 отбасының құжаттары учаскелік комиссияда қаралып, Жұмыспен қамту орталығына жіберіліп 22 134,2 мың теңге шартты ақшалай көмекке тағайындалды. Шартсыз ақшалай көмекке 128 отбасының құжаттары учаскелік комиссияда қаралып, Жұмыспен қамту орталығына жіберіліп 14 146,1 мың теңге шартсыз ақшалай көмекке тағайындалған. 2018 жылдың басынан бастап 75 отбасы бір реттік материалдық көмекке өтініш білдіріп оның ішінде 63 отбасыға 2 млн 772 мың теңгеге бір реттік материалдық көмек берілген. «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» шеңберінде 2018 жылы 12 айға округтен 65 азаматтың құжаттарын оқуға тапсырып оның ішінде 54 азамат(ша)лар тұрмысқа қажетті әр түрлі мамандықта оқып диплом алған. Жылдың басынан бастап бүгінгі күнге дейін 521 жұмыссыз жүрген азаматтар әр түрлі салаларға тұрақты жұмысқа орналастырылды. Округ бойынша Әлеуметтік жұмыс орындарына 47 жұмыссыз азаматтар әр түрлі жұмыстарға жіберілген.

Әскери есеп саласы. Әр аптаның сейсенбі күні ҚІЖБ-нен алынған тапсырмалар дер кезінде орындалды. 2018 жылғы көктемгі 345 әскерге шақырушылардың зерделеу жұмыстары атқарылған. 15-16 жастағы 141 жасөспірімдердің тізімге алып, ҚІЖБ-ге тіркеу және медициналық комиссиясын өткізу жұмыстары жүргізілген. Ауған соғысына қатысқан ардагерлермен кездесу ұйымдастырылған. Мектеп оқушыларымен Ұлы Отан Соғыс ардагерлерінің үйіне барып, қолғабыс көрсетіп аулаларын тазалап, шөп ору, жер басу, ақтау жұмыстары ұйымдастырылған. 5-9 мамыр аралығында Ұлы жеңістің 73-жылдығына орай Майлықент ауылдық округіне қарасты 4 Ұлы Отан Соғыс ардагерлерінің үйіне барып ауыл округі әкімінің Алғыс хат тапсырылды және ақшалай, заттай сыйлықтармен марапатталған. Демеушілер есебінен округтегі 6 ҰОС мүгедектері жесірлеріне округ әкімінің құттықтау хаттарымен сыйлықтар табысталған.

2019 жыл.

Ауылдық округтің бюджеті бойынша: Жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын іске асыруға бағытталған түсімдердің 6 түрі бойынша, жыл басында жоспар 70 069,0 мың тенге болып бекітіліп, өткен жылдардың қарыздарын өндіру жұмыстарының ауқымды жүргізілуінің және ауылдық округтің бюджетін нақтылау нәтижесінде жоспар көлемі артып, 84 779,0 мың тенгеге бекітілген. Жылдың қорытындысымен салықтық түсімдер 95 355,2 мың тенге, яғни 113 %-ға артығымен орындалған.

Құрылыс саласы бойынша: Республикалық, облыстық және аудандық бюджеттен: Т.Рысқұлов ауылы Пушкин-Бағысбаев көшелерінің қиылысына екі 32 пәтерлі тұрғын үйлердің құрылысы аяқталып пайдалануға берілген. Түлкібас ауданы әкімдігінің ғимаратын реконструкциялау және жаңа блок салуға 503,2 млн.тенге бөлініп, толығымен игеріліп, пайдалануға берілген. «Нұршуақ» мөлтекауданындағы мемлекеттік қызметкерлерге арналған екі қабатты 8 пәтерлі құрылысы аяқталып, қолданысқа берілген. 2018 жылдан өтпелі 64 пәтерлі (№3, №6 және №7), 3 тұрғын үй құрылысы аяқталып, 2019 жылы пайдалануға берілген.

Ауыз су саласы бойынша: Кемербастау - Т.Рысқұлов ауыз су магистраліне аудандық бюджеттен 35 840,0 тенге бөлініп ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Автожол саласы бойынша: 2 489,0 мың тенгеге Жамбыл көшесінің бойына Жантурованың қиылысынан Қонаев көшесінің қиылысына дейінгі аралыққа жаяу жүргіншілер жолы салынған. 19 862,0 мың тенгеге М.Абиров көшесі 1/в көп қабатты тұрғын үй алдына балаларға арналған ойын және спорттық алаңшалар салынған. 8 991,0 мың тенгеге Түлкібас поселкесіне барар жолдағы мұсылмандар бейітінен Алатау көшесіне дейін (М.Абиров көшесінің бойына) қоршау жасалынған. 14 405,0 мың тенгеге Түлкібас поселкесіне барар жолдағы мал базарынан Ғаламат көшесіне дейін (М.Абиров көшесінің бойына) қоршау жасалынған. 8 932,0 мың тенгеге «Тұңғыш Президент» саябағының кіре беріс аркасы және Т.Рысқұлов ескерткіші жаңартылған. 4 535,0 мың тенгеге Жанкент мөлтекауданындағы «Жанкент» ҰОМ-нің

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтің «Жол картасы 2025» жобасына сәйкес жүзеге асырылып жатқан жобалардың бірі. Жобаның мақсаты - аудандық деңгейдегі көшелеріне тас төсеу.

Электр желілері: 64 224,0 мың тенгеге Телемұнара аумағындағы көшелерге электр жүйелері тартылған.

Ауылдық округ аумағында 10,5 мың тенге көлемінде демеушілерді тарту арқылы жобалар іске асырылған: 500,0 мың тенгеге Жеке кәсіпкер Ж.Қарақұловтың демеушілігімен Т.Рысқұлов ауылы Арыс көшесіне тас төселіп, суағар жасалынған. 800,0 мың тенгеге Жанкент мөлтекауданындағы Құланды көшесіне тас төселген. 500,0 мың тенгеге Жанкент мөлтекауданындағы Ж.Пралиев көшесіне түнгі диотты жарықшамдары орнатылған. 1,5 мың тенгеге Жеке кәсіпкер Е.Батырбеков Т.Рысқұлов көшесінің бойына Шымкент қаласы бағытында заманауи талапқа сай аялдама соғып, қолданысқа берілген. 7,2 мың тенгеге Жеке кәсіпкер Г.Дудкина Т.Рысқұлов көшесінің бойына автотұрақ салып, Түлкібас ауданының түрлі бағыттарына жүретін жүргізушілерге пайдалануға берілген.

Ауыл шаруашылығы саласы бойынша жоспардың орындалуы: Округтің үш жақты келісім шарттың орындалуы бойынша, «Сыбаға» бағдарламасына сәйкес, жоспар 5 бас болса, орындалғаны 45 бас, яғни 9 есеге артығымен орындалған. «Алтын асық» бағдарламасы бойынша жоспар 5 бас болса, орындалуы 11 бас, яғни 2 есеге артығымен орындалған. Мал бордақылау шағын фермасын ұйымдастыру бойынша жоспар 25 болса, орындалғаны 28, яғни 112 %-ға, жанұялық фермасын ұйымдастыру бойынша жоспар 5 болса, орындалғаны 5, яғни 100 %-ға орындалған.

Жер қатынастары бойынша: «Нұршауақ» шағын ауданында екі қабатты тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесіне мемлекеттік акт түзіліп, Әділет басқармасында тіркелген.

Бағдарлама мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ (Қаралған құжаттар тізбесі 29-30 беттерде 2 парақта тіркелді).

2.2.7. Мемлекеттік аудит барысында туындаған өзге де мәселелер.

Мемлекеттік аудит барысында өзге мәселер туындалмады. Бағдарлама мәселесі тексерілді.

III. Қорытынды бөлік

3.1. Мемлекеттік аудит объектісі бойынша жалпы тұжырымдар:

Көрсеткіш: Бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау және атқару тиімділігі (бюджеттік бағдарламалар бойынша игерілу пайызымен бірге бюджеттік бағдарламалардың тікелей нәтижесіне жеткізудің пайыздық ара қатынасы) Аудитпен қамтылған кезең аралығында осы аудиторлық есептің 2.1. бөлімінде көрсетілгендей мемлекеттік аудит объектісіне 2018 жылдың шілде-желтоқсан айлары, 2019 жыл және 2020 жылдың қаңтар-наурыз айларында қарастырылған қаржы 99,9 пайызға игерілген. Мекемеде 2018, 2019 және 2020 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы есепте тікелей нәтиже көрсеткіштері, яғни қол жеткізілуі осы функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыратын немесе қызмет көрсететін мемлекеттік органның қызметіне толық тәуелді болатын, көзделген бюджет қаражаты шегінде атқарылатын мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер мен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көлемінің санмен өлшенетін сипаттамасы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 қарашадағы №629 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқаулығының» 49 тармағының талаптарына сәйкес толтырылған. Осы нұсқаулықтың 21 қосымшасы бойынша ұсынылған есептіліктерге сәйкес

бюджеттік бағдарламаларда көрсетілген көрсеткіштер толығымен орындалған. Түпкілікті нәтижеге қол жеткізілген.

Көрсеткіш: мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының сақталуы (мемлекеттік аудит барысында анықталған қаржылық және рәсімдік бұзушылықтардың саны және көлемі)

Жүргізілген сыртқы мемлекеттік аудит барысында барлығы 15,0 мың теңгені құрайтын қаржылық бұзушылықтар анықталды. Оның ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 3-тармағы 34) тармақшасы, 196, 198, 200-тармақтары және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарының 4-тарау 1 - «Қысқа мерзімді активтер» бөлімі талабының сақталмауы болып табылады.

3.2. Мемлекеттік аудит жүргізудегі кедергілер: Мемлекеттік аудит жүргізуде кедергі келтіру фактілері орын алған жоқ.

3.3. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:

Тармақ-1 бойынша аудит барысында мекеменің 2020 жылдың шілде айындағы №28 мемориалдық ордерімен Дебет 1319 «Өзге де материалдар», кредит 5220 «Өткен жылдардың қаржылық нәтижесі» шоттарына 15,0 мың теңгеге түзету корреспонденциясы беріліп, мекеменің есебіне алу арқылы қаржылық бұзушылық қалпына келтірілді (*Дәлелді құжаттар 31 бетте, 1 парақта қосымша тіркелді*).

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары және 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарының талаптарына түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Округ әкімінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі №28 «Жұмыстан босату туралы» өкіміне сәйкес, мекеменің бас маман – бас есепшісі Г.Князбаева жұмыстан босатылған. Осыған байланысты қаржылық бұзушылыққа жол берген тұлғадан жазбаша түсініктеме алу мүмкіншілік болмады.

Қосымшалар:

1) Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап; 2) мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі; 3) кестелер мен аудиторлық дәлелдеме құжаттарының көшірмелері.

Тексеру комиссиясының қызметкері:

Мемлекеттік аудит бөлімінің

бас инспектор – мемлекеттік аудиторы

А. Алибеков

Аудиторлық есеп екі данада жасалды: Бірінші данасы - Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясына, аудиторлық есеп бланкісінің №001953; Екінші данасы «Түлкібас ауданы әкімдігінің «Майлықент ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне аудиторлық есеп бланкісінің №001954.